



## ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМДЫҚ ІС

22 қаңтарда ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жетекшісінің орынбасары Бахтияр Қамалов Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттерімен кездесті. Жиынға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2014 жылғы «Нұрлы жол – болашаққа барар жол» атты Қазақстан халқына жолдауы және Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы аясында жемқорлыққа қарсы түру және оның алдын алу тақырыбы арқау болды.

Жалғасы 2-бетте

## ИНТЕГРАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И БИЗНЕСА

23-24 января в КазНУ прошла научно-методическая конференция «Интеграция образования, науки и бизнеса как основа инновационного развития экономики».

Работу конференции, которая проводится в стенах университета вот уже 45-й раз, открыл ректор вуза академик Г.Мутанов. «В новой пятилетке индустриально-инновационного развития перед казахстанскими вузами стоит огромная задача по модернизации, они должны ориентироваться на науку и инновации. Президент поставил перед страной главную цель – создать общество благоденствия на основе сильного государства, развитой экономики и возможностей всеобщего труда. При этом Глава государства уделяет огромное внимание вопросам создания экономики, основанной на знаниях. И наш вуз

РК З.Шаукенова, начальник отдела развития человеческого капитала палаты предпринимателей г. Алматы В.Цзин, директор Центра Болонского процесса и академической мобильности МОН РК А.Нурмагамбетов и другие.

Двухдневная работа конференции осуществлялась по таким направлениям, как «Реализация интегрированных образовательных программ образования и науки: опыт и перспективы», «Совместные образовательные программы с бизнесом в рамках компетентностной модели выпускника», «Научно-методические основы реализации образовательных программ



активно работает в этом направлении», – отметил он.

В ходе пленарного заседания были рассмотрены опыт и перспективы дальнейшего развития интеграции образования, науки и бизнеса, подготовки научных кадров НИИ комитета науки МОН РК совместно с КазНУ на базе «Ғылым ордасы», обсуждены проблемы и перспективы дуальной системы образования, а также роль Болонского процесса как одного из факторов интеграции образования, науки и бизнеса. Об этом говорили проректор по интеграции науки и образования, директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН

в рамках интеграции науки и бизнеса». В рамках конференции также были организованы и проведены круглые столы: «Информатизация образовательного процесса», «Вузы Казахстана в международном проекте G-Global и общественном движении за энергию будущего «G-Global – EXPO – 2017», «Учебно-методический и инновационный вектор развития физической культуры и спорта в системе высшего профессионального образования как средство формирования компетенций конкурентоспособного специалиста» и «Особенности довузовского образования в свете инновационного развития экономики».

Продолжение на 3 стр.

## ШАХНАМА ЕЛІНДЕ

### ШАХИД БЕХИШТИ УНИВЕРСИТЕТІМЕН БІЛІМ-ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ БАҰЛАНЫСТАРЫМЫЗ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Жұырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Г. Мұтанов бастаған делегация құрамында Шығыстың атакты жеті шайыры шыққан Иран еліне ресми іссапармен барып қайттық. Алматы әуежайынан батысты бетке алып ұшқан Иранның «Маһан Эйр» ұшағы бізді Тегеран қаласындағы Имам Хомейни атындағы халықаралық әуежайға үш жарым сағатта жеткізді. Алматының аппақ қарға оранған қыстың аязды ауасынан небәрі үш жарым сағат ішінде шахнама еліндегі күздің қоңыржай мезгіліне топ еткендей болдық.

Ирандағы жұмыс уақыты сағат таңертенгі сегізден басталады екен. Сондықтан жоспар бойынша алғашқы ресми іс-шараны атқару үшін Ирандағы белгілі оқу орындарының бірі Шахид Беҳишти университетіне бағыт алдық. Жол-жөнекей жолбасшымыз Ислам мәдениеті мен байланыстары ұйымының өкілі Сайед Чабуши мырза Тегеран қаласының көрікті жерлерімен таныстырып отырды. Қалада 20 миллион халық тұрса да, жол кептелісі соншалықты тығыз емес сияқты көрінді. Төрт қатар жолдың оң жақтағы шеткісі тек қоғамдық көліктерге арналыпты. Басқа көліктерге ол жолмен жүруге тыйым салынған. Қоғамдық көліктер үшін кептеліс деген мүлде болмайды. Ортаңғы жолақпен зулаған біздің машина лезде барар жерімізге жеткізді. Университет алдында бізді ректор Мұхаммад Мехди Техранчи және университеттің Ғылыми кеңесі мүшелері қарсы алды.

Жалғасы 4-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

РАЗВИВАЯ  
БИОЛОГИЧЕСКУЮ  
НАУКУ



3-стр.

### БҮГІНГІ САНДА:

“ҚАЗАҚ КІТАПТАРЫ  
КӨПТЕП ШЫҒАРЫЛЫП  
САТЫЛСА, ҰЛТЫМЫЗ ҮШІН  
ЗОР ҚУАНЫШ”



5-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

СТУДЕНТТІҢ  
АЛҒАШҚЫ  
ЖЫР-ЖИНАҒЫ



7-бет



Жалғасы. Басы 1-бетте

# ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМДЫҚ ІС

Сыбайлас жемқорлықпен барша қоғам болып күресу қажет. Өйткені, ол қоғамның барлық саласы үшін аса қауіпті. Кездесуді ашқан ҚазҰУ-дың әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбалаева осылай дей келе, орын алған кездесудің маңыздылығын атап өтті. «Ал еліміздің болашақ мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлық – тіпті төзгісіз нәрсе. Сондықтан жемқорлықтан ада ортаны қалыптастыру мақсатында университетте универ жүйесінен бастап таза сессия технологиялары, студенттермен әлеуметтік серіктестік құру шаралары жүзеге асуда. Жастар тек адалдық пен таза еңбек арқылы өмірде, қызметте, мансапта жетістікке жетерін ұғынып өсуі тиіс. Бүгін, міне, студенттеріміз жалпы сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның адамзатқа тигізер залалы жайында дәріс тындау мүмкіндігіне ие болып отыр», – деді Шолпан Ерболқызы.

Өз кезегінде мінбеге көтерілген Бахтияр Қамалұлы алдымен Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі тұжырымдамасына кеңінен тоқталып, тұжырымдаманың күре тамыры мемлекеттік қызметке ең лайықты тұлғаларды тағайындауға бағытталғанын және мемлекеттік қызмет – ұлтқа қызмет ұғымының синонимі болып қалыптасуы тиістігін тілге тиек етті. «Сарапшылар жемқорлықтың тегеурінді қарсылықсыз еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына үлкен кедергі екендігін бірауыздан айтуда. «Қазақстан-2050» Стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін басты фактор ретінде аталады және мемлекет пен қоғамды осы жағымсыз құбылысқа қарсы бірігуге шақырады. 2014 жылы 26 желтоқсанда Елбасы Жарлығымен қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа бағдарламаның басты мақсаты азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру болып табылады», – деді ол. Сонымен қатар



өз баяндамасында қадірменді қонақ сыбайлас жемқорлықтың дүние жүзіндегі барлық мемлекетке ортақ құбылыс екендігін айта отырып, онымен күрестегі отандық және әлемдік тәжірибеге кеңінен тоқталды. Бүгінгі таңда пара алушымен қатар пара берушінің де жауапкершілікке тартылатынын тілге тиек ете отырып, Бахтияр Қамалұлы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесінің қоғамдағы көріністеріне сипаттама берді, заңнамалық негіздерін жан-жақты түсіндірді.

Сондай-ақ кездесу барысында Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Баян Ермакбаева да Елбасының биылғы Жолдауы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбына арнап баяндама оқыды. Ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында университетте көптеген заманауи технологиялар енгізіліп жатқанын жеткізді. «Атап айтқанда, осыдан 4 жыл бұрын оқытушылар, қызметкерлер мен студенттердің ар-ождан кодексі қабылданды, әрбір

факультетте этика комиссиясы жұмыс істеуде, оқытушы-профессорлар құрамы қызметке байқау бойынша қабылданады, оқу үдерісі электронды жүйеде жүзеге асады», – деді Баян Жүндібайқызы.

Оқытушылар мен студенттер өздерін толғандырған мәселеге қатысты сұрақ қойып, өзара пікір бөліскен жиын соңында проректор Шолпан Ерболқызы ҚазҰУ ректорының бұйрығымен университет дамуына қосқан айрықша үлесі және қарым-қатынасты нығайтып, сындарлы және жемісті ынтымақтастықты қолдағаны үшін белгілі ҚазҰУ түлегі, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жетекшісінің орынбасары Бахтияр Қамаловқа «ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерейтойлық медалін табыстап, туған университеттің дамуына, өркендеуіне және жастардың жұмысқа орналасуына көрсеткен қолдауы үшін алғыс білдірді.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## РЕКТОРАТ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуы эндаумент-қоры ректор Ғалым Мұтанұлының бастамасымен 80 жылдық мерейтой қарсаңында құрылды. Мақсатты капитал жинау, ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды қаржыландыру және талантты студенттерді қолдау мақсатында құрылған қордың қаржысы бүгінде күн сайын артып келеді. Оның жарқын көріністерінің бірі кешегі Ғылыми кеңес және ректорат отырысында орын алды. Алматы қаласы мәслихатының депутаты, заң факультетінің түлегі Мұрат Әділханов жиынға арнайы келіп, университеттің эндаумент-қорына 1 млн. теңге көлемінде қаржы аударғанын жеткізді. Университет басшылығы өз кезегінде қара шаңырағымыздың белгілі әрі белгілі түлегі Мұрат Әділханұлына «Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерейтойлық медалін табыстады.**

# ТЕРЕҢ ТАРИХЫМЕН ДӘСТҮРІ ҮНДЕСКЕН

Мәжілістің салтанатты бөлімін Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің стратегиялық даму жөніндегі проекторы Әбдікәрім Зейнуллин жалғастырды. Ол Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының президенті Нұртай Абықаевтың атынан университет ректоры Ғалым Мұтанұлына құрмет грамотасын табыстады. «Қазақстанская правда» республикалық газеті Алматы бюросының жетекшісі Ольга Малахова отырыстың қадірменді қонақтары санын толықтыра түсіп, «Қазақстанская правда» газетінің 95 жылдығына байланысты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне «Жемісті ынтымақтастық үшін» марапатын ұсынды. Ректор Ғалым Мұтанұлы ұжым атынан

алғыс білдіре отырып, қонақтарға университет дамуына қосқан үлестері үшін «Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерейтойлық медалін табыстады.

Сондай-ақ игі дәстүрге айналған шәкіртақы табыстау рәсімі де көпшілікті бір қуантып тастады. Оқуда озат, ғылымға деген құлшынысы зор, әлеуметтік жағдайы төмен қаншама жастар осынау игілікті шараның ілтипатын сезініп келеді. Кешегі ректорат мәжілісінде ҚР БҰҰ ақпарат бюросының басшысы Властимил Самек және баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева, философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова, дүние жүзі тарихы, тарихнама

және деректану кафедрасының меңгерушісі Қалқаман Жұмағұлов арнайы шәкіртақыларды табыстады. Сонымен қатар Қалқаман Тұрсынұлы университеттің эндаумент-қорына 1 млн. теңге көлеміндегі қаржы аударылғанын атап өтті.

Күн тәртібіндегі негізгі сұрақтар қаралған тұста мінбеге «Талапкер» кәсіби бағдар беру орталығының директоры Бақытжан Сапаров көтерілді. Алдымен биыл «Әл-Фараби» олимпиадасының республикалық дәрежеге

## ҚЫСҚА-НҰСҚА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да президенттік бағдарламамен білім алып жатқан АИР тыңдаушыларының биылғы қысқы демалысы айрықша қызық өтті. Қысқы сессияны табысты аяқтаған оларды ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің басшылығы және ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұстаздар ұжымы бірлесе отырып, «Алматы – ару қала» атты айдармен Алматының әсем де көрнекті жерлерімен таныстырды.

Олар театрға барып, қойылым көрді. Білімнің қазыналы кеніші – университетіміздің кітапханасында болып, кітапхананың кітап қорымен, тыныс-тіршілігімен танысты. Алматы қаласы кереметтерінің бірі – «Рекордтар айдыны» атағымен әлемге әйгілі «Медеу» мұз айдынына барды. Мәдени-денешынықтыру шарасы АИР тыңдаушыларын табиғатты аялауға, спортпен шұғылдануға, саламатты өмір салтын ұстануға, тазалық сақтауға баулу, шетелдік тыңдаушылардың Қазақстан табиғатына деген қызығушылығын және құрмет сезімін қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру, табиғатта тамашалап демалған сон, айналаны ластамай тазалап кету қажеттігін түсіндіру болды.

**Р.Т. НАРАЛИЕВА,**  
*ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы*

\*\*\*

Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, Дінтанулық зерттеулер және экспертиза орталығы және Біліктілікті арттыру институты Алматы орта мектептері оқытушыларына «Дінтану негіздері» атты біліктілікті арттыру курсы өткізді. Дінтану және мәдениеттану кафедрасы профессорлары «Қазақстандағы діндер», «Жаңа діни ағымдар», «Қазіргі конфессияаралық жағдай», «Қазақстандағы ислам мәдениеті» және т.б. өзекті тақырыптарда дәрістер оқыды. «Дінтану негіздері» біліктілікті арттыру курсы қатысушыларына Қазақстан ҒА-ның корреспондент мүшесі, философия ғылымдарының докторы, академик, «Дінтану негіздері» курсының авторы Ғарифолла Есім табыстады. Академик елімізде дінтану курсы мектептерде оқытудың өзектілігі бойынша баяндама жасап, мұғалімдердің көптеген көкейкесті сауалдарына жауап берді. Бұл курсқа 40-қа жуық Алматы қаласының «тарих» пәнінен сабақ беретін мектеп мұғалімдері қатысып, «Әл-Фараби» журналының нөмірлерін, сертификаттарын және куәліктерін иеленді.

**А.Д. ҚҰРМАНАЛИЕВА,**  
*дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі*

\*\*\*

Қытайтану кафедрасының меңгерушісі Н. Мұқаметханұлының ұйытқы болуымен атақты ғалым, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнография институтының директоры Махмұт Хангелдіұлымен кездесу өтті. Кездесудің басты тақырыбы Елбасының осы жылғы халыққа Жолдауы болды. Біздің ата-бабаларымыз «Ақылы асса, аға тұт» деп ойы озық тұлғаларды тани білді және солардың айтқанымен жүрді. Осы дәстүрмен өткен ғалыммен жүздесу студенттер үшін аса тағылымды мазмұнда өтті. Ондай кездесулердің қатарына жуық арада белгілі журналист Санжар Керімбаймен өткен кездесуді де айтуға болады.

**Н.АБДУРАҚЫН,**  
*қытайтану кафедрасының аға оқытушысы*

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

**28 қаңтарда шығыстану факультетінің түркітану және үндітану кафедрасы «Hindi day» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өткізеді**



# РАЗВИВАЯ БИОЛОГИЧЕСКУЮ НАУКУ

Целью визита казахстанской делегации явилось знакомство с университетом и проведение переговоров с его руководством о развитии двустороннего сотрудничества в области образования и науки.

На встречах с проректором профессором Иадонг Жианг, другими руководителями и ведущими учеными китайского университета было подтверждено, что наше сотрудничество с ними в области биогеотехнологии, химии, экологии окружающей среды имеет перспективы для дальнейшего плодотворного развития.

Во время переговоров был подписан меморандум о сотрудничестве, который включает такие предполагаемые области и направления партнерства, как биология, биотехнология, биогеотехнология, естественные науки, а также формы их реализации. Соглашение предполагает разработку и реализацию совместных образовательных программ, в том числе предусматривающих выдачу двойных дипломов; совместную исследовательскую деятельность; организацию академических встреч и конференций; публикацию статей, докладов и других научных

*Ученые кафедры биоразнообразия и биоресурсов посетили Китайский университет горного дела и технологии (г. Пекин).*



трудов членов профессорско-преподавательского состава, сотрудников и студентов университета в периодических изданиях университета-партнера, а также обмен: научной информацией, публикациями, материалами и знаниями; сотрудниками и

преподавателями университетов; студентами бакалавриата, магистратуры и докторантуры и другие формы образовательного и научного сотрудничества, которые будут согласовываться обеими сторонами. Делегация КазНУ, ознакомившись с организацией учебного процесса,

посетила научно-исследовательские лаборатории, геологический музей. В теплой дружеской обстановке прошла и встреча со студентами.

Китайский университет горного дела и технологии ведет преподавание по 50 специальностям на степень доктора, по 96 – на степень магистра, по 62 – на степень бакалавра. Здесь есть ведущие лаборатории: 2 государственные, 2 лаборатории Министерства просвещения КНР и 1 пекинская. Университет имеет 1 государственный инженерный центр, 2 инженерно-исследовательских центра Министерства просвещения КНР, 20 основных и специализированных лабораторий. Аспирантура включает право на присвоение учёных степеней аспиранта и доктора наук.

**А.Т. КАНАЕВ,**  
заведующий кафедрой  
биоразнообразия  
и биоресурсов  
факультета  
биологии и  
биотехнологии  
доктор  
биологических  
наук,  
профессор

Продолжение. Начало на 1 стр.

# ИНТЕГРАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ, НАУКИ И БИЗНЕСА

Всего в работе конференции приняли участие около 700 профессоров, доцентов и преподавателей, заслушано более 300 докладов, посвященных обсуждению рассматриваемых вопросов. По итогам конференции и представленным рекомендациям участников университет определил для себя такие дальнейшие задачи, как осуществление комплекса системных мер по продвижению позиции университета в мировых рейтингах; увеличение количества образовательных программ, ориентированных на целевую подготовку

кадров совместно с индустрией и ведущими зарубежными вузами-партнерами; определение критериев и стандартов качества образовательных услуг на основе анализа международного опыта; создание информационно-аналитической платформы по конструированию образовательных программ совместно с экспертным профессиональным сообществом; внедрение модели мониторинга трудоустройства выпускников (центр по прогнозированию спроса и сверка



с ЕНПФ); разработка и внедрение портала «Карьера» объединяющий банк вакансий и базу выпускников; разработка концепции проведения итоговой аттестации обучающихся в формате предпрофессиональной сертификации; развитие механизмов обеспечения объективности и прозрачности контроля и оценки знаний обучающихся; разработка механизмов привлечения в университет высококвалифицированных кадров для преподавания; увеличение количества

программ дополнительного профессионального образования, в частности, с применением технологии массовых открытых онлайн-курсов; увеличение доли НИР и НИОКР с дальнейшей коммерциализацией; осуществление международной профессиональной аккредитации программ; разработка механизмов сертификации и аттестации кадров.

**Салтанат КУМАРГАЛИЕВА,**  
начальник методического отдела

**На факультете биологии и биотехнологии прошла презентация книги «Майя Шығаева» из университетской серии «Внегелі өмір»**



Жалғасы. Басы 1-бетте

# ШАХНАША ЕЛІНДЕ



## ЕЛШІЛІКТЕ ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Күндізгі маңызды іс-шаралардың басында делегация құрамымен бірге болған Қазақстанның Төтенше және өкілетті елшісі Бағдат Әміреев мырза кешкісін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорын ресми кездесуге шақырды. Елші жалпы өздерінің елшілік үйімен және атқарып жатқан қызметтері жайында баяндап өтті. Қазақстанның Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында арнайы ұйымдастырылған осы сапардың басты мақсатының бірі – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты дәстүрлі Жолдауының стратегиялық маңыздылығы мен оның ел болашағы үшін тиімді бастамаларының негізін түсіндіру болатын. Сондықтан ректор Ғ. Мұтанов кездесуде Елбасы Жолдауында айтылған жаңа экономикалық саясаттың еліміздегі құрылымдық реформаларын әрі қарай дамытуға бағытталатынын және осыны жүзеге асыру үшін Елбасы Үкіметке халық алдындағы әлеуметтік міндеттерін орындауды тапсырғанын айтты. Әсіресе, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтуге Елбасының тікелей мән беруін Қазақстан халқының ерекше қуанышымен қабылдағанын әсерлі баяндап берді.

Елші Бағдат Әміреев өзінің әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде екі-үш жылдай ұстаздық еткенін айтты. «Сондықтан да бұл университет жаныма жақын, көзіме ыстық көрінеді деді. Осы елшілікте де шығыстану факультетінің түлектері жемісті еңбек етіп келеді», – деп, Әбдімоллаев Бактыбай, Дүйсебаев Дәуірбек, Үсіпбаев Ардақ, Омарханова Гайхар және т.б. шығыстанушыларды атап өтті. Кездесу соңында делегация басшысы Ғ. Мұтанов елші Бағдат Әміреевті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтой медалімен

кітапханаларына келіп материалдар жинап, ғалымдардан кеңес алып қайтатынын және жыл сайын университет студенттерінің белді-белді оқу орындарынан тілдік тәжірибеден өтетінін айтты. Екі ел арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуда Алматыдағы Иран Мәдени өкілдігінің белсенді қызметін ерекше атап өтті. Ректор сөзін қорытындылай келе вице-министр Джафар Милимонфард мырзаның кеудесіне университеттің Фараби күміс медалін тақты және «ҚазҰУ достары» клубына мүшелікке қабылдады.

## СОЗМОН – МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРҒА ДӘНЕКЕР

СОЗМОН-дағы (Ислам мәдениеті мен байланыстары ұйымы) кездесудің делегация үшін маңызы зор болды. Өйткені бұл ұйыммен қарым-қатынасымыз өте жоғары деңгейде болатын әрі жалпы делегацияның осы ресми іссапарына ұйытқы болып, барлық жауапкершілік міндетті көтерді.

Ұйым президенті Абузар Эбрахими мырза кіріспе сөз сөйлеп, ұйым қызметімен таныстырып өтті. Сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да парсы тілі мен әдебиетін, Ислам мәдениетін оқытуға мүмкіндік жасап отырған басшылыққа алғысын білдірді. Одан кейін сөз алған делегация басшысы Ғалымқайыр Мұтанов ұйым президентінің бізге деген ыстық ықыласына, осы іссапарды ұйымдастыруға мұрындық болғанына алғысын білдірді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ислам елдері жоғары оқу орындары арасында ынтымақтастықты нығайтуда белсенді жұмыс жүргізетінін және осы мақсатта Исламтану мамандығы бойынша студенттер мен магистранттар даярлауды қолға алғаны жайында әңгімелеп берді. Сондай-ақ, университеттің шетелден келіп оқитын студенттер үшін арнайы шақыртақы тағайындағанын, оның үшеуі Ираннан келіп оқитын студенттер үшін бөлінетінін

Амандық-саулықтан кейін сөз алған Техранчи мырза Қазақстан мен Иран арасындағы тарихи, мәдени байланыстардың тереңде жатқанын тілге тиек ете отырып, қарым-қатынасты одан әрі нығайту үшін жасалып жатқан шараларды атап өтті. Әсіресе, қараша айында Шахид Бехишти университетінің профессоры Реза Давари Ардаканидің «Әл-Фараби – Ислам философиясының негізін қалаушы» атты монографиясының тұсаукесерін Әбу Насыр әл-Фараби атын иеленіп отырған университеттің арабтану және ирантану кафедрасында өткізіп қайтқанына ерекше елтипағын білдірді.

Өз кезегінде ректор Ғалымқайыр Мұтанов мырза, алдымен, бүгінгі күн Қазақ елі үшін ерекше күн екенін, өйткені бұл күндері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғанына 23 жыл толғанын мерекелеп жатқанын айтты. Қазақстан мен Иран халқының діні бір, мәдениеті жақын, ежелден аралас-құралас келе жатқандығын айта отырып, Тәуелсіздік мейрамын бірге атап өтіп жатқанына қуанышты көңілін жеткізді. Сондай-ақ, жақында ғана Қазақстанның Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Иран Президентімен кездескенін, Горган қаласында Қазақстан-Түркіменстан-Иран бағытында теміржол торабын ашқаны екі ел арасындағы саяси-экономикалық, рухани байланыстардың дамуына серпін бергенін ерекше атады. 2015 жылдың халықаралық IS-ESCO ұйымы тарапынан «Алматы – Ислам мәдениетінің астанасы» болып жарияланғанын және осы айтулы іс-шараның аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ауқымды шаралар ұйымдастырып жатқанына тоқталып, ирандық ғалымдарды сәуір айында өтетін халықаралық Фараби форумы мен «Қазақ-араб тарихи-мәдени байланыстары: бастауы, қазіргісі, болашағы» атты ғылыми-теориялық конференцияға шақырды. Өткен жылдың аяғына таман әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Ислам ынтымақтастық ұйымының (ИБҰ) төрағасы Ияд бен Амин әл-Маданидің арнайы іссапармен келгенін, сол кезде университет баспасында ИБҰ-ның орталығын ашу туралы сөз болғанын жеткізді. Осы орталықтың негізгі қызметі Ислам елдері арасындағы ғылыми, мәдени байланыстарды дамыту болатындығын айта келе, екі университет арасындағы оқытушылардың өзара біліктіліктерін арттыру үшін тәжірибе алмасу және студенттердің тіл-ұстарту практикасынан өту маңыздылығына тоқталды. Өз кезегінде сөз алған Техранчи мырза Қазақстанның Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады және делегация басшысының айтқан ұсыныстары мен ойларының өте құнды екендігін айтып, делегацияның өз университетінің тыныс-тіршілігімен танысуға шақырды.

ҚазҰУ делегациясы Шахид Бехишти университетінің Телекоммуникация және телескопия, Лазер және плазмалық зерттеу, Генетикалық анализ жасау (ДНК), өртүрлі жәндіктердің миына тәжірибе жасайтын Файбер Оптик Сенсор сияқты ғылыми зерттеу орталықтары мен факультеттеріндегі жаңа инновациялық даму үдерісін тамашалап, арнайы

лабораториялардағы жаңа технологиялық жетістіктерге куә болды. Содан кейін делегация университеттің үлкен Ғылыми кеңес залына бет алды. Мұнда университетте өтіп жатқан «Ғылым апталығы» атты шараның қорытынды салтанатты жиынына қатыстық. Жиыннан кейін ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов студенттер мен оқытушы-профессорларға арнап арнайы дәріс оқыды. Дәріс соңына қарай академик Ғ. Мұтанов өзінің халықаралық Шпрингер баспасынан шыққан «Mathematical Methods and Models in Economic planning, Management and Budgeting» атты кітабының тұсаукесерін жасады. Кітаптың тұсаукесер рәсімінен кейін делегация басшысы Ғалымқайыр Мұтанов Шахид Бехишти университетінің ректоры Мұхаммад Мехди Техранчи мырзаны әл-Фарабидің күміс медалімен марапаттап, «ҚазҰУ достары» клубына мүшелікке қабылдады. Сонымен қатар әл-Фарабидің ағылшын тіліндегі трактаттары енген кітабы мен «Айналанды нұрландыр» сериясы бойынша жазылған өзінің өлеңдер топтамасын тарту етті.

Жиынды қорытындылаған Шахид Бехишти университеті ректоры Мұхаммад Мехди Техранчи мырза академик кітабының ғылыми құндылығына назар аударып, Қазақстан ғылымының әлемдік жетістігімен құттықтай келе, «Ғылымға сіңірген ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Екі университет арасындағы ресми кездесудің нәтижесі ретінде екі университет ректорлары білім және ғылым саласындағы қарым-қатынасты дамытуға арналған екі жақты маңызды келісімшартқа қол қойды.

## КОС ДИПЛОМ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Шахид Бехишти университетімен келісімшартқа қол қойылу рәсімінен кейін Тегерандағы Әлеуметтану және мәдениеттану институтына бағыт алды. Институт алдында бізді күткен бір топ адам ішінен жақында ғана университетке Иран делегациясының құрамында арнайы келген профессорлар көзімізге оттай басылды. Құдды бір туысымызды көргендей көңілде болдық. Ирандық ғалымдардың қошемет құрметімен Мәжіліс залына келіп кірдік. Қартаң тартқан Институт басшысы қазан айында Иранның жаңадан тағайындалған Төтенше және өкілетті елшісі Моджтаба Дамирчилу бастаған Институт ғалымдарының әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға барған сапарынан бастап ондағы жаңа технологиялық жетістіктерді, оқу-ағарту саласындағы табыстарын көріп, сүйсінгендіктерінен хабардап екенін айтты. Сонымен қатар ол Қазақ елін тереңірек таныстыру мақсатында ортақ ғылыми, мәдени жобалар жасау керектігін алға тартты. Әсіресе, бірлесіп кітаптар жазу, Қазақстанның тандаулы фильмдерін парсы тіліне аудару сияқты дүниелер екі ел арасындағы рухани байланыс көкжиегінің кенеюіне үлкен үлес қосары кездесу барысында талқыланды. Нәтижесінде қос дипломдық мәселесі арнайы қаралған екіжақты келісімшартқа қол қойылды.



марапаттап, шығыстанушы түлектерді «ҚазҰУ достары» клубына мүшелікке қабылдады және арнайы төсбелгілерді кеуделеріне тақты.

## МИНИСТРЛІКТЕГІ ЖҮЗДЕСУ

Жұмадағы демалыстан кейін ҚазҰУ делегациясы Иранның білім және ғылым вице-министрі Джафар Милимонфард қабылдауында болды. Жүздесу барысында Иран вице-министрі жалпы Ирандағы білім, ғылым және оқу ағарту саласындағы жетістіктерімен таныстыра келе, төрт жүз мыңнан астам студенттің білім алып жатқанын, әрбір облыс орталықтарындағы жоғары оқу орындарында технопарктер жұмыс істейтінін айтып өтті. Содан кейін министрлік парсы тілі мен әдебиетін және мәдениетін оқытып жатқан университеттермен қарым-қатынастарды жақсартуға мүдделі екендігін білдірді. Вице-министрдің ықылас, ниетіне рахметін білдірген делегация басшысы Ғ. Мұтанов Қазақстан мен Иран арасындағы ғылым мен білім саласындағы қарым-қатынастарды дамытып, нығайтудағы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың атқаратын маңызды рөліне тоқталды. Оның негізгі дәлелі ретінде шығыстану факультетінің үш жас оқытушысы PhD докторантурасында оқып жатқанын, магистранттардың ғылыми зерттеу жұмыстарын жазу барысында Иран ғылыми

хабарлады. Кездесу соңына қарай ректор ұйым басшысын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Фараби алтын медалімен марапаттап, «ҚазҰУ достары» клубына мүшелікке қабылдады және әл-Фараби бабамыздың бейнесі кестеленген арнайы кілемшені сыйға тартты. СОЗМОН ұйымы басшысы үлкен құрметке ие болғанына зор қуанышын білдіре отырып, атақты парсы шайырлары: Омар Хайям, Джалилиддин ар-Руми және Әбілқасым Фирдоусидің шахнамесінің орыс тіліндегі аударма нұсқаларын сыйға берді. Кездесу соңында екі тарап естелік суретке түсіп көтеріңкі көңілмен қош айтысты.

Жалпы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Иранға жасаған ресми іссапары өте сәтті болды. Университет делегациясы өз миссиясын толық атқарды. Екі университетпен маңызды келісімшартқа қол қою мүмкіндігіне ие болды. Болашақта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Иран жоғары оқу орындарының дипломын қатар алып шығатын мамандар да бой көрсететін болады. Екі ел арасындағы ғылым, білім саласын дамытуда университеттер арасындағы қол жеткізген үлкен жетістік деп бағалауға толық негіз бар.

**М.Б. САЛҚЫНБАЕВ,**  
арабтану және ирантану  
кафедрасының меңгерушісі  
Алматы–Тегеран–Алматы

**Халықаралық құқық кафедрасының студенттері SOS Алматы балалар ауылында**

**«Бала – өмір шуағы» атты кездесу өткізді**





**Роза ӘБДИЕВА,**  
*баспа ісі және дизайн кафедрасының доценті:*

# “Қазақ кітаптары көптеп шығарылып сатылса, ұлтымыз үшін зор қуаныш”

– Ең алғашқы сұрағымызды, баспа ісі саласына арнасақ. Осы саладағы қазіргі өзекті мәселелер қандай, оның шешу жолдары бар ма?

– Баспа ісі саласында, соның ішінде Қазақстандағы баспа ісінде мәселелер баршылық. Атап айтсам, ең бірінші баспа кадрларын оқыту мәселесі. Екінші, тәжірибе жинақтау мәселесі. Үшінші, қазақ кітаптарын жарнамалау мәселесі.

Алдымен баспа кадрларын дайындауда бізде қандай мәселелер бар, соған тоқталайын. «5B042200 – баспа ісі» бакалавры және «6M042200 – баспа ісі» магистрі «Өнер бакалавры» классификаторына кіреді. Өнер классификаторына баспа мамандығы тектен тек қосылмаған. Баспа өнімдері, яғни кітап, газет, журнал, буклет, корап т.б. өнер туындысы болып табылады. Сондықтан баспагерлер де өнер адамдары. Әншісіз ән айтылмаса, баспагерсіз кітап басылмайды. Әрбір өнімнің ішін құрастырып, сыртын сәндеуде олардың қосатын үлесі мол. Баспагер мамандығында оқитын студенттерге де шығармашылық адамы ретінде қарау керек.

Баспагер мамандығының басқа мамандықтарға қарағанда көтерер жүгі ауыр, жауапкершілігі мол. Оған себеп, барлық салаға баспа өнімі қажет. Баспа өнімін қажет етпейтін бірде-бір адам, бірде-бір ұйым жоқ. Олардың орайын тауып, ұйқастырып, суретін салып, жазуын жазып беруге көмектесетіндіктен, баспагерлер бүкіл мамандықтан хабары бар, сауаты мол болуы керек. Автордың идеясын бірге толықтыруға да құқы бар. Сол үшін сауатты, жан-жақты маманды дайындау үшін біз студенттің тәжірибесіне көп көңіл бөлуіміз керек. *Меніңше, баспагерлердің тәжірибелік сабақтарын өндірісте өткізсек, өте жақсы болар еді. Ол үшін әр баспамен, типографиямен, бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс орнатып, өндірісте ұстазымен бірге жүруі керек. Тәжірибесі жинақталмаған студенттен үлкен жетістік күте алмайтынымыз анық.*

Баспагер мамандығы ең табысты мамандықтардың қатарына жатады. Алайда оның көзін табу керек. Баспадағы табыс көзі, әрине оның жасаған өнімінде. Баспа өнімінің көп бөлігін кітап құрайтындықтан, жақсы кітаптарды жарнамалап жатсақ, одан ұтылмаймыз. Теледидар, радио арқылы мағыналы, жақсы кітаптарға тегін жарнама жасау керек. Жарнама жасалса кітап өтеді, кітап өтсе таралымы көбейеді.

Таралым көп оқырманның кітапқа деген махаббатын тудырады. Оқырман аудиториясы баспагердің жұмысымен емес, оқырманның санымен анықталады. Өткенде мен мынадай тәжірибе жасап көрдім. «Ертегілер елінде» сериясымен «Аруна» баспасынан шыққан әртүрлі ертегілердің 10 түрін 180 теңгеден сатып алдым. Дүкендегі танысыммен келісіп, 10 кітаптың әрқайсысына 90 теңгелік шоколадтан байлап, «300 теңге. Сыйлыққа 1 шоколад» деп жазып қойдым. Бұл кітаптар 1 күннен соң таусылып кетіпті. «Кітапқа шоколад қосып сатып, сен де 300 теңге пайда таптың ғой» деп танысым күледі. Әрине кітапты өткізудің тәсілдері көп. Қазақ кітаптары көптеп сатылса, көптеп шығарылса, бұл ұлтымыз үшін қуаныш емес пе? Балалар емес, үлкендердің өздеріне «осы кітапты оқып шықсаңыз, мен сізге сыйлық берем» деші, оқиды. Қандай жолмен болсын оқырманды тарту, біреуге кітап оқытқызу-үлкен сауат іс.

– Баспагерлер кітап шығарудың барлық жағдаяттарын меңгеруі керек. Болашақ осы саланың маманын даярлауда қандай әдіс-тәсілдер қолданылуда?

– Біздің университетте негізгі оқу бағдарламасы жеке-жеке траекторияларға бөлінген. Траектория дегеніміз ұстаздың жеке мектебі секілді. Мысалы, бакалавр баспагерлер «Баспагер-редактор», «Баспагер-дизайнер», «Баспагер-технолог», «Баспагер-кәсіпкер» деген траектория бойынша оқиды. Осы траекторияның біреуін таңдап баспа ісінің сол саласын жақсы меңгеріп шығады. Оны сол істі жақсы білетін маман ұстаз жүргізеді. Өз студенттерінің жақсы маман болуы үшін жанын салады. Студентті қызықтырып, талпындырып, қажет болса шетелге апарып, байланыс орнатып, студентінің алдығы қатарлы, білгір маман болуына бірден-бір жауапты тұлға болады. Айта кетерлігі, шет тілін меңгерген бала жерде қалмасы анық. Мысалы, неміс тілін оқыса, неміс халқында баспа саласы өте қарқынды дамып кеткен. Олардың үйренем, біліп-көрем деген жастарға арналған арнайы бағдарламалары көп. Түріктерде де солай. Студенттер тіл білсе 1-2 семестр сонда оқып келуіне де болады. Озық елдерден бәрібір біздің де үйренеріміз көп. Сондықтан өзін айтпақшы «баспагерлер кітап шығарудың барлық жағдаяттарын меңгеруі қажет» дейтін болсақ, шет тіліне мән беруіміз керек.

– Кітап адамның ой өрісін байытады. Баспагерлер сол құнды дүниені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, таратып, дамытып келеді. Ол үлкен жұмыс. Шәкірттеріңізге қандай кітап оқуды насихаттайсыз? Жалпы студент жастар үшін ең қажет кітаптар турасында кеңес берсеңіз?

– Еліміздегі «Бір ел – бір кітап» акциясы, университетіміздегі «100 кітап» жобасы арқылы оқырмандардың қызығушылығын арттыру, оқу мәселесіне тарту сияқты тамаша істер жүргізіліп жатыр. «Жастар кітап оқымайды» деген пікірмен келіспеймін. Олар оқиды, пікір таластырады, сол кітапты өзі қалай жазар еді, сол туралы да ойланады, шығармалардың киноға түсірілгенде қай жері дұрыс көрсетілді, көрермендер оны қалай қабылдады, оны да талқыға салады. Мысалы, бізде 1-курста “дизайн” мамандығында оқитын Тілек, Ақтолқын, “баспа ісі” мамандығында оқитын Айару, Нұрила сынды студенттер көркем шығарманы көп оқиды. 100 кітаптың шамамен сексенін оқыған, ой-өрісі кең, айтар ойы бар мақтаулы студенттер. Мен студенттерге тек «Алхимикті», «Мастер и Маргаританы», «Махаббат қызық мол жылдарды», «Гауһартасты», Абай мен Мұқағали жырларын, Оралхан Бөкей, Сайын Мұратбеков, Нұрғали Ораз, Бексұлтан Нұржекеевтің шығармаларын оқындар деп айта алмаймын. Қолдарына түскен кітаптың бәрін оқи беріңдер. Кітаптың жаманы жоқ. Кітаптың киесі де, құдіреті де бар. Әлсіз жазылған кітаптың өзінен өзіне қажетті бір ой аласың, «ен болмағанда мен осылай жазбаймын» деп шешім қабылдайсың.

Мен Күләш Ахметова мен Мұхтар Шахановтың жырларын, Оралхан Бөкей мен І.Есенберлин шығармаларын жаным жайлылық қажет болғанда, ал Ә. Марғұлан еңбектері мен әл-Фараби трактаттарын ғылыми ізденіске кіріскенде оқимын. Сосын әрі қарай қолыма түскен газет қиындысы болсын, не болмаса беті жыртылған кітап болсын, қолыма түскенін талғамай оқи беремін. Қызықты кітап оқысам 2-3 күн бойы соның әсерінен шыға алмай жүремін.

– Сіз кітап сыйлау турасында бастама көтеріп жүрген ұстазсыз. Біздің байқағанымыз, әлем елдерінде арнайы белгіленген “Кітап сыйлау күні” жоқ екен. Жалпы қоғам арасында осы мерекені енгізіп, я болмаса кітап сыйлау дәстүрін қалыптастыру үшін не істеу қажет? Осы мәселе төңірегінде ой өрбітсеңіз?

– 1869 жылы дүниеге келген армян ақыны, жазушы, қоғам қайраткері Ованес Тадевосович Туманянның туған күніне орай 19 ақпан Арменияда “Кітап сыйлау күні” деп белгіленген. 2008 жылдан бері тойланып келе жатқан бұл мерекеде адамдар бір-бірімен кітап сыйлайды. *Осы үрдісті біздің ел де қолдаса дұрыс болар еді. Меніңше, Мұхтар Әуезовтің шығармасын оқымаған адам жоқ. «Абай жолы» көп үйдің төрінде тұр. Ұлы атамызға екі жылдан соң 120 жыл толады. Сол кісінің туған күнін 28 қыркүйекті “Кітап сыйлау күні” деп белгілесек, тамаша болар еді.* Қазіргі кезде батыста, Еуропада кітап жасау техникасы да, технологиясы да өте жақсы дамып кеткен. Қазір олар қолөнер кітаптарға мән беріп, соны дамытып жатыр. Автор компьютерге де бастырмай, әріпті әдемі жазушы каллиграфистерге беріп, не өз қолымен асықпай жазып, оны сәндеп, оюлап, түптеп, қаптап оқырманға жібереді. Әрбір кітап қайталанбай, өзіне тән ерекшеленеді. Негізінде өзі жазып (автор), өзі сәндеп (дизайнер), өзі түптеп (түптеуші), өзі таратып (маркетинг) одан жақсы табыс табатын адамдар саны әлем бойынша санаулы-ақ екен. Осы дәстүрді Қазақстанда дамытсақ, қазақтың қолөнерін, киіз кітаптарын, ою-өрнек, кестелерін жандандырып, жақсартып инновацияландырып кітап өнерімен біріктірсек. Бізде де өзі автор, өзі баспагер, өзі полиграфист қабілеті бар жастар да, ағалар да бар. Соларды пайдаланып, қазақтың қолөнер кітабы мектебін қалыптастырсақ. Қанша дегенмен, қолөнер миға да, пайымға да жақсы әсер етеді ғой.

– Егер бір күн белгіленсе, я болмаса қандай да бір мереке аясы болсын делік, Сіз жақындарыңызға қандай кітап сыйлаған болар едіңіз?

– Мен көбінесе балаларға кітап сыйлағанды жақсы көремін. Балалардың кітабы жасына қарай қызықты, суреті тартымды болғанын қалаймын. Жақында ғана қызыма І. Есенберлиннің «Кочевники» романын сыйлады. Біздің елде кітап қымбат қой. Дубайға, Қытайға, Түркияға барғанымда кітап дүкендерінен ағылшын тіліндегі әртүрлі кітаптарды сатып алдым. Қонақтарға ұнаған кітаптарын сыйлады. Жалпы кітапты да, кітапты жасағанды да, кітапты сыйлағанды да өте жақсы көремін. Кітап оқитын адамдар көбейе берсін!

Сұхбаттасқан  
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ







# Студенттің алғашқы жыр-жинағы

**«Сұңқар» студенттер кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің қолдауымен «Асыл кітап» баспасынан филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті, Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайындағы «Жас ақындар» үйірмесінің жетекшісі, жас ақын Марғұлған Ақаннның «Көктоғайдан көшкен бұлт» атты алғашқы студенттік өлеңдер жинағы жарық көрді.**

бояумен бейнеленген. Бір ерекшелігі автор кітабында кітап атауын жеке өлең тұрғысында жарияламаған, ортақ тақырып аясына негіздеген. Кітаптың сыртқы иллюстрациялық безендірілуі де кітап мазмұнын аңғартса керек. Туған жерге деген ыстық сағыныштан туған жыр кітап, тілге жеңіл, жүрекке жақын, студенттік шақта жазылған тұмса өлеңдерден құралған. Шағын ғана кітапта туған жерге деген сағынышты ұялатқан студенттік өмір, махаббат, сезім өрнектері, қоғам, жалпы лирикалық сарын байқалады. Автор жинақ шығаруды мектеп кезінен армандаған.

500 дана таралыммен шыққан жинаққа ақынның 50-ге жуық өлеңі енгізіліп отыр. Кітапта жарияланған «Ей, Алматы!», «9-этаж» немесе «Сезім балконы»,

«Мамық қарға махаббат», «Мен жайында білгің келсе» атты және басқа да өлең жырларында студенттік өмірдегі кейбір ғажап сәттерді сөзсіз шынайы суреттей білген. Ал, «Бітіріп барамыз ба...?» атты өлеңінде 4-курсты тәмамдағалы отырған жас ақын бітіруші студенттердің шерін шертіп, ортаға салып бір тарқатып алғандай-ақ! Марғұланның өзі бізге берген сұхбатында: «Бірінші студенттік жыр-жинағым баспадан жарыққа шыққандағы қуанышымды ештеңемен жеткізе алмаймын. Шынын айту керек, бұл көңіл көкжиегін көкке көтеріп тастайтын тамаша сәт. Және ең бастысы өлеңге деген зор жауапкершілік пен өлеңнің деңгейін түсірмеуге шақыратын ерекше сәтпен қауыштырғандай», — деп ойымен бөлісті және қолдау көрсетіп, демеушілік жасаған



«Сұңқар» студенттер кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің ұжымына және төрайымы Айдана Сыдықоваға алғысын жеткізді.

Төменде жас ақынның алғашқы кітабындағы өлең-жырларынан үзінді беріп отырмыз.

**Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА**

## ЖАЗУ КЕРЕК...

Таңда, түсте, кешке, түнде айналып,  
Ұйқы келмей, жата алмадым жайланып.  
«Жазу керек» деп жүргенде түнде өлең,  
Күнге кезек беріп қояр Ай барып.

Жазу керек! Нені жазам бірақ мен,  
Таба алмай жүр дертім баста тұрақты ем.  
Шакша басың шарадай боп іскенде,  
Мұқағали, сен де түнде жылап па ең?!

Жазам дедім, қалам алып қолыма,  
Басымдағы дүниенің барына.  
Жаза алмадым. Шимай сала беріппін  
Ақ қағаздың дақ түсіріп арына.

Жазу, мені күттің білем, аңсап ең,  
Тудыра алмай қойдым сеуіп қанша рен...  
Уысымда қанша қағаз мыжылып,  
Уысымда өліп кетті қанша өлең...

## ӘЙ, СҰЛУЛЫҚ

Шар тәрізді дөңгеленген жалғанның,  
Пендесі едім ізін кезген арманның.  
Махаббатын ер Естайдың аңсаймын,  
Қолым жетпей жүзігіне Қорланның...

Әй, сұлулық!  
сезімді шын ұрлап,  
Кете бардың сен жақтағы ғұмыр-бақ.  
Бағыңа кеп ауа жұтсам тән балқып,  
Кететұғын құйқа тамыр шымырлап.

Өлең-бақтың, боз жырымен бусандым,  
Уы — тәтті, қолыммен тілге у салдым.  
Сұлулықтың сезім бағы сендегі,  
Иісіне мас боп жатам жусанның.

Санқылындай тіліп түсер сұңқардың,  
Бірін ерттеп сыыр құйымшақ тұлпардың.  
О, сұлулық, шауып келем төсінді аш,  
Өзіне қарай бетінде аппақ ұлпанның.

## НӨСЕР АЛДЫНДА

Шайдай ашық көк аспанда жарық күн,  
Бар табиғат әсем түске қанық тым.  
Тыныстайды жапырақтар самалмен,  
Секілденіп желбезегі балықтың.

Кенет бір сәт орнай қалды тыныштық,  
Әуе айналып жерге түсті күн ысып.  
Жапырақтар жаңа ғана жайқалған  
Күн астында күренітті бүрісіп.

Жер де, көк те тас меніреу сыр тыныш,  
Токтағандай тіршілікке құлшыныс.  
Шегіртке-екеш, шегіртке де шырылын  
Жұтып алып шөп астында тым-тырыс.

Жаңылғандай бар тіршілік осінен,  
Танып қалды бір мезетте есінен.

Мана ғана бал-бұл жанған табиғат,  
Арбады екен, арбады екен несімен.

Қара бояу құйылғандай көк көлге,  
Араласып кейде жасыл отпен де.  
Көкжиегі батыс жақтың сұрланып,  
Келе жатты түпсіз түнек боп кеуде.

Желбіреп жердің жасыл торқасын,  
Жұла тарап желкілдеген жер шәшін.  
Дауыл жетті тоғайларды шулатып,  
«Жаңбыр» дедіі, жаңылмайды, бер бәсін.

Қара бұлттар сол дауылдың күймесі,  
Анық маған жасандылық сүймесі.  
Үйге қарай жүгірейін,  
Жауынның,  
Келе жатыр ағытылып түймесі.

## «СҰҢҚАРЛЫҚТАР» ӨЗ ЖОСПАРЛАРЫН

# ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ



ҚазҰУ-дың «Сұңқар» студенттер кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің алғашқы отырысы кәсіподақ төрайымы Айдана Сыдықованың төрағалығымен Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арналды. Жастар Елбасы жолдауындағы өзекті бағыттарға көңіл бөліп, ойларын ортаға салды.

«Сұңқарлықтар» жиын барысында Елбасы қадап айтқан мәселелерді ой елегінен өткізіп, жастардың сол үдеден шығу жолындағы мақсат-міндеттерін қарастырды. Жолдауда айтылған

басым бағыттарды студент жастар отырыста кеңінен талқылады. Жиында сөз алған «Сұңқардың» белсенді мүшесі, химия және химиялық технология факультетінің 2-курс

студенті Ұлжан Ораз: «Біз – жас елміз. Ал жас елдің ертені бізге тікелей байланысты. Яғни, жас мамандарға келіп тіреледі. Сол себепті де Елбасымыз бұл Жолдауында жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз ету жобасын қолға алып отыр. Сол сияқты көптеген сала түрлеріне арнайы қаржы бөліп, сол салаларды дамытуда. Барлығымыз өз еліміздің болашағын нұрлы болуына бірге атсалысайық, ағайын!», — деп пікірін ортаға салды.

Ал, «Сұңқардың» экнономика және бизнес жоғары мектебіндегі белсенді мүшесі Акерке Аманжолова: «Мен бұл бағдарламаны толықтай қолдаймын және оны Қазақстанды әлемдік дағдарыстан ешқандай қауіп-қатерсіз, айтарлықтай шығынға ұшырамай, бастап алып шығар жол деп есептеймін. Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жобасы тек экономикалық өсімді емес, сонымен қатар халықтың бірлігі мен рухани келісімін арттыратын саясат деп білемін», — деп Жолдаудың басым бағыттарын атап айтты.

Жиын барысында Елбасы тапсырмаларын жастардың бірге жүзеге асыруына бастама жасаған «Сұңқар» студенттер кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің төрайымы Айдана Сыдықова: «Елбасы жолдауында

әлеуметтік, білім-ғылым, инновациялық, инфроқұрылымдық бағыттарды барынша қамтып өтті. Осы Жолдауды біз де қолдау барысында, ҚазҰУ жастары да тыс қалып жатқан жоқ. Биылдыққа өткізілетін барлық шараларды осы Жолдаумен байланыстыру бағытын айқындап отырмыз. Биыл және де біздің қазақ елі үшін тарихи жыл. Өйткені, қазақ хандығының 550 жылдығы. Елбасының әрбір жылғы Жолдауында әлеуметтік бағытқа көп көңіл бөледі. Қоғам болғаннан кейін, әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасылар бар, олардың ұл-қыздар бар. Біз сондай студенттерімізге барынша әлеуметтік қолдау көрсетіп келеміз. Сондай-ақ, әрқашан біз университетіміздегі түрлі жағдайда денсаулығына байланысты қауіп төніп тұрған студенттерге барынша қолдау көрсетеміз. Және түрлі патриоттық жастар шараларына да демеушілік жасап, қолдау көрсетіп келеміз. Біз атқаратын жұмыстар баршылық! Ректор Ғ. Мұтановтың өзі жастарға қолдау көрсете отырып, олардың да бұл мақсат-міндеттерді орындаудан қалыс қалмайтынына сенім білдіріп отыр», — деп өз ойымен бөлісті.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

**Студенты КазНУ стали победителями этапа Кубка мира по самбо**



# Құттықтаймыз!

23-25 қаңтарда Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүлдесі үшін самбодан әйелдер және ерлер арасындағы Әлем Кубогының кезеңі өтті.



Бұл жарыстарда 21 мемлекеттен 400 самбошы бақ сынасты. Оған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 4 спортшы-студенті қатысып, жүлделі бірінші және екінші орындарды иемденді. Динара Жұмабаева (64 к.с.) мен Елдос Жұмақанов (68 к.с.) алтыннан алқа тақса, Гүлнұр Ерболова (56 к.с.) күміс алқаға ие болды.

Р.С. Жеңіс тұғырына көтерілген спортшыларымызды шын жүректен ҚазҰУ ұжымы атынан жетістіктерімен құттықтап, болашақта да ел намысын қорғауда биіктерден көрінуді тілейміз!

## ■ ТАЛБЕСІК

Бұл қарапайым, бір қарағанда көзге түсе қоймайтын гүл көптеген аңыздар мен хикаяларға арқау болған. Оның асыл көркемдігі көңілден тыс қалмаған: көптеген адамдар осы гүлді қолдарына түсіргісі келген. Таудың, махаббаттың, батырлық пен өжеттіліктің символы болып табылатын еңлікгүл қазір Қызыл кітапқа енгізілген. Ал бұрындары өз Отаны саналатын Альпі тауларында еңлікгүл өте кең тараған гүл болатын.

## СИҚЫРЛЫ ТАУ ГҮЛІ – ЕҢЛІКГҮЛ



Францияда еңлікгүлді альпі жұлдызы деп, ал Италияда – күміс жартас гүлі деп атайды. Таулы ел тұрғындары еңлікгүлді бақыт пен махаббат гүлі деп санайды.

Еңлікгүлдің пайда болуы туралы әдемі әрі мұңлы аңыз бар. Бір-біріңіз өмір сүре алмайтын екі ғашық болыпты. Алайда тағдыр оларды мәңгілікке айыруға жазған екен. Айырылысу туралы ой екеуіне де сұмдық қорқынышты болып көрінеді. Бірге қалудың жалғыз-ақ жолы – бірге өлу. Олар бөлек өмір сүргеннен гөрі қол ұстасқан күйі жартастан секіріп кетуді жөн көреді. Олар құлап өлген жартастың бетіне махаббаттың салтанатты да қайғылы жеңісінің құрметіне ақшыл еңлікгүл қаптап өскен екен.

Сондай-ақ, биік тауда керемет сұлулық иелері ұзын шашты, тырнақтары ұзын әйелдер өмір сүреді екен, олар тырнақтарымен таудың құздарынан өрмелеп шығып, еңлікгүлдерге қамқорлық жасайды екен. Бөтен көзден сақтап, оны алуға келгендерді аямай таудың басынан құлататын көрінеді, ал тек ерекше жағдайда ғана жүрегі таза, махаббатқа адал, бар қиындықтан өтіп келген жандарды көргенде ғана гүлді береді екен.

Қанша аңыз, хикаялар айтылса да, бір анығы еңлікгүл – бұл нағыз берік махаббаттың, батыллықтың тұмары, себебі тек нағыз сүйген адам өз сүйіктісіне гүлді алып беруге жолға шығады.

Сөз соңында К. Паустовскийдің бір сөзін келтірейік: «Еңлікгүлдің қандай екенін қалай айтсам екен? Ол өте қиын. Жалпы, олар мұздың жанасуынан тонып, жаурап қалмау үшін мойындарына ақ ішік орап алған майда жұлдыздарға ұқсас».

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

# Әдеби жүздесу



Жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде «Әдеби жүздесулер» клубының мүшелері мен оның жетекшісі доцент Сәлима Әбдіраманқызы Қалқабаяның ұйымдастыруымен «Уа, Дүние, ақыныңды еркелет!» атты Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, танымал ақын, журналист, «Жұлдыз» әдеби журналының бас редакторы Ұлықбек Есдәулетпен әдеби шығармашылық кездесу өтті.

факультет деканы Ө.Әбдиманұлы мен профессор Қ.Мәдібаева ақын шығармашылығына жоғары баға берді. Әдеби жүздесудің соңғы бөлімі «Жауқазын жырлар» атты жыр байқауына ұласты. 1-2 курс студенттерінің балауса жырларына ақын Ұлықбек Есдәулет төрешілік етті.

Жыр байқауының жеңімпаздары атанған студенттер: Сандуғаш Бекпенбетова (1-курс), Жандарбек Мырзақұлов (2-курс), Бауыржан Майтай, Саягүл Бірлесбек (1-курс) ақын қолтаңбасы жазылған 5 томдық шығармалар жинағын иеленді. Кешке қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының оқытушылары Е.Солтанаева, Р.Әбдіқұлова, С.Дәрібаев, Ш. Шортанбай, Г.Оспанова, А.Оспановалар қатысты. Кездесу соңы ақынмен естелік суретке түсуге ұласты.

Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА,  
доцент

Кездесу барысында ақынмен сыр-композициялық қойылым, ән мен сұхбат, ақын шығармашылығынан би орындалды. Сөз кезегін алған

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

### МЕКЕНЖАЙЫ:

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана  
Талпырыс №122

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор м.а.: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНКЕЛДИЕВА  
Тілшілер: Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: [kazuniver-gazeti@mail.ru](mailto:kazuniver-gazeti@mail.ru)

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасауы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.